

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№4 хаттамасы

20 мамыр 2026жыл

Қатысқандар: 24

Күн тәртібінде:

- 1.Кеңес мүшелерінің 2025-2026 жылғы қызметін талдау. / кеңес төрайымы Бисеналина Д.Н.
- 2.Педагог бейнесі. / кеңес мүшесі Айжанова А.К. /
- 3.Педагогтардың әлеуметтік желіде , қоғамдық орындардағы этикалық талаптары. / кеңес мүшесі Ниетбаева Г.Ж.

1.Тыңдалды: Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес төрағасы Бисеналина Д.Н. педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мүшелерінің 2025 жылғы қызметіне талдау жасады. Кеңес жұмысындағы оң және теріс тұстарды атап өтті.

Сөз сөйледі: тәрбиеші: Сариева Мирамкул Аликуловна Әдеп жөніндегі кеңестің жұмысына сипаттама берді, жыл бойы жүргізілгенін және канаттандырылған баға бергенін атап өтті.Оны педагогикалық әдеп Кеңесінің басқа мүшелері қолдады.

2.Тыңдалды:Кеңес мүшесі Айжанова Айнура Кудайбергеновна «Педагог бейнесі» тақырыбында сөйледі. Педагог бейнесінің негізгі қырларын атап өтті.

1.Кәсіби құзыреттілік. Нағыз педагог өз пәнін жетік меңгерген, үнемі ізденісте жүрген маман болуы қажет. Білім беру саласындағы өзгерістерге бейімделіп, жаңа технологияларды тиімді қолдана білу – уақыт талабы.

2.Педагогикалық әдеп – ұстаз мәдениетінің көрсеткіші. Баламен, ата-анамен және әріптеспен қарым-қатынаста сыпайылық, сабырлылық, әділдік сақтау өте маңызды. Ұстаздың әр сөзі мен әрекеті балаға үлгі болады.

3.Сыртқы келбет мәдениеті. Педагогтің киім үлгісі де оның мәдениеті мен беделін көрсетеді. Ұқыпты, жинақы, қарапайым әрі эстетикалық талғамға сай кию – ұстаз әдебінің бір бөлігі.

4.Сөйлеу мәдениеті. Мәнерлі, сауатты, анық сөйлеу – педагогтің басты қасиеттерінің бірі. Баланың тіл байлығы көбіне тәрбиешінің сөйлеу мәнеріне байланысты қалыптасады.

3.Тыңдалды: Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі Ниетбаева Гүлгүл Жұмамұратқызы «Педагогтардың әлеуметтік желіде , қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.» тақырыбында сөйледі.

Қазіргі таңда педагогтер Instagram, Facebook,TikTok, WhatsApp сияқты әлеуметтік желілерді белсенді қолданады. Сондықтан төмендегі талаптарды сақтау маңызды:

Әдептілік пен мәдениетті сақтау

Педагог әлеуметтік желіде дәрекі сөздер қолданбауы, басқа адамдарды кемсітпеуі, ар-намысқа тиетін пікір жазбауы қажет. Жалған ақпарат таратпау. Тексерілмеген мәліметтерді жариялау қоғам арасында түсініспеушілік туғызады. Педагог әр ақпараттың шынайылығына көз жеткізуі керек.

Қызметтік әдепті сақтау

Білім беру ұйымының ішкі мәселелерін, әріптестер мен тәрбиешілер туралы жағымсыз пікірлерді жариялауға болмайды.

Фото және видео жариялауда жауапкершілік

Балалардың суреттері мен бейнематериалдарын ата-ананың рұқсатынсыз жариялау этикалық нормаларға қайшы келеді.

Сыртқы бейне мен контент мәдениеті

Педагогтің жариялаған материалдары тәрбиелік мәнге ие, мәдениетті және қоғам талабына сай болуы тиіс.

Педагог қоғамдық орындарда өзін ұстай білуі қажет. Себебі қоғам педагогті әрдайым үлгі тұтады. Педагогтің әлеуметтік желідегі және қоғамдық ортадағы мәдениеті – оның кәсіби шеберлігінің көрінісі. Ұстаз әрдайым сабырлылық, жауапкершілік, адамгершілік қасиеттерін сақтап, жас ұрпаққа өнеге болуы тиіс.

Сөз алды: тәрбиеші: Асан А.А. әлеуметтік желіде тәрбиелік мәні бар материалды ғана ұсынамыз, жұмысқа қатысты. Балабақшаның инстаграмм желісіне салынғанда әрбір сөзге мән беріп отырамыз.

Сөз алды: Смагулова Г.И. Бүгінгі отырыста әдепке қатысты барлығын түсіндіріп айттыңыз, ескере жүреміз.

Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес төрағасы Бисеналина Д.Н. Әдеп кеңесінің бүгінгі 4-ші отырысы бойынша тақырыптар түсінікті айтылды.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес одан әрі жұмысы жүргізілсін.
2. Ұжым арасында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, сөйлеу мәдениеті мен сыртқы келбет талаптары сақталынсын.
3. Әлеуметтік желіде жарияланатын материалдардың тәрбиелік және мәдени мазмұнына мән берілсін.

Кеңес төрайымы:  Д.Н.Бисеналина

Хатшы:  Г.М.Тоқан

« №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

«Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы
этикалық талаптары»

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі:
Айжанова А.К.

20 мамыр, 2026ж

Ақтөбе қаласы

Педагогтардың әлеуметтік желіде , қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.

Қазіргі қоғамда педагог тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар жас ұрпаққа үлгі болатын тұлға болып саналады. Әсіресе ілеуметтік желілердің кең таралуы мұғалімнің кәсіби беделіне, қоғам алдындағы жауапкершілігіне ерекше мән беруді талап етеді. Педагогтің әрбір сөзі, іс-әрекеті, жазбасы мен қарым-қатынасы ата-аналарға әсер етеді. Сондықтан педагог кәсіби этика талаптарын сақтап, мәдениеттілік пен адамгершілік қағидаларын ұстануы қажет.

Педагог этикасының маңызы.

Педагогикалық әдеп — педагогтің кәсіби қызметіндегі мінез-құлық нормаларының жиынтығы. Оның негізгі мақсаты:

- педагог беделін көтеру;
- білім алушыларға жағымды тәрбие беру;
- ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнату;
- қоғам алдында мұғалім мәртебесін сақтау.

Педагогтің мәдениеті оның сөйлеу мәнерінен, киім киісінен, адамдармен қарым-қатынасынан және әлеуметтік желідегі белсенділігінен байқалады.

Әлеуметтік желідегі этикалық талаптар

Қазіргі таңда педагогтер Instagram, Facebook, TikTok, WhatsApp сияқты әлеуметтік желілерді белсенді қолданады. Сондықтан төмендегі талаптарды сақтау маңызды:

1.Әдептілік пен мәдениетті сақтау

Педагог әлеуметтік желіде дәрекі сөздер қолданбауы, басқа адамдарды кемсітпеуі, ар-намысқа тиетін пікір жазбауы қажет.

2.Жалған ақпарат таратпау

Тексерілмеген мәліметтерді жариялау қоғам арасында түсініспеушілік туғызады. Педагог әр ақпараттың шынайылығына көз жеткізуі керек.

3.Қызметтік әдепті сақтау

Білім беру ұйымының ішкі мәселелерін, әріптестер мен тәрбиешілер туралы жағымсыз пікірлерді жариялауға болмайды.

4.Фото және видео жариялауда жауапкершілік

Балалардың суреттері мен бейнематериалдарын ата-ананың рұқсатынсыз жариялау этикалық нормаларға қайшы келеді.

5.Сыртқы бейне мен контент мәдениеті

Педагогтің жариялаған материалдары тәрбиелік мәнге ие, мәдениетті және қоғам талабына сай болуы тиіс.

Қоғамдық ортадағы этикалық талаптар

Педагог қоғамдық орындарда өзін ұстай білуі қажет. Себебі қоғам педагогті әрдайым үлгі тұтады.

Негізгі талаптар:

- қоғамдық орындарда мәдениетті сөйлеу;
- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету;

- киім үлгісінің жинақы әрі ұқыпты болуы;
- дау-дамайдан аулақ болу;
- қоғамдық тәртіп сақтау;
- әріптестермен және ата-аналармен сыпайы қарым-қатынас орнату.

Педагог беделі – қоғам айнасы.

Педагогтің абыройы – білім беру саласының беделі. Егер педагог өз этикасын сақтаса:

- ата-ананың сенімі артады;
- балаға жағымды тәрбие беріледі;
- ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптасады;
- қоғамда мұғалім мәртебесі жоғарылайды.

Педагогтің әлеуметтік желідегі және қоғамдық ортадағы мәдениеті – оның кәсіби шеберлігінің көрінісі. Ұстаз әрдайым сабырлылық, жауапкершілік, адамгершілік қасиеттерін сақтап, жас ұрпаққа өнеге болуы тиіс.

Әдепті ұстаз - тәрбиелі қоғамның негізі.

